



**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының
анти-харассмент саясаты**

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 01.09.2026

Күшіне енген күні: 01.09.2026

Қолжетімділік деңгейі: Ашық
қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 1.2 PROG

Бекітуші орган: Басқарушы кеңес

Тіркеу нөмірі: 01.09.26

Иесі: Ұйымдастырушылық мәдениет,
әртүрлілік және инклюзивтілік департаменті

Қайта қарау күні: 01.08.2029

Қолданылуы: Назарбаев Университеті

Күші жойылған құжаттар:

Атауы:

Күні:

Тіркеу нөмірі:

Бекітуші орган:



1-бөлім. Мақсаты және қолданылуы

1.1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – Университет) Университет қоғамдастығының барлық мүшелері үшін қауіпсіз, ізгі ниетті, сыйластыққа негізделген және инклюзивті жұмыс әрі оқу ортасын құруға бейілді.

1.2. Осы Саясат Тыйым салынған мінез-құлық (харассмент) нысандарына жол бермеу қағидаттарын және шағымдарды қарау тәртібін белгілейді.

1.3. Осы Саясатта Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген мағынадағы жекелеген терминдер мен анықтамалар қолданылады. Бұл терминдер тек Тыйым салынған мінез-құлық (харассмент) нысандарын сипаттау үшін ғана қолданылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құқық бұзушылықтар мен жауапкершілік шараларының тізбесін өзгертпейді және кеңейтпейді.

1.4. Осы Саясат Университет қоғамдастығының барлық мүшелеріне және Университет аумағында, онлайн-ортада және кампустан тыс жерлерде (егер бұл мінез-құлық Университет қызметімен байланысты болса) орын алған Тыйым салынған мінез-құлықтың (харассменттің) барлық жағдайларына қолданылады.

2-бөлім. Терминдер / Анықтамалар

2.1. Осы Саясатта пайдаланылатын анықтамалар мен қысқартулар:

1) **Өтініш беруші** – Тыйым салынған мінез-құлықтың орын алу ықтималдығы фактісі бойынша Университет қоғамдастығының басқа мүшелеріне шағым түсіретін тұлға. Өзіне қатысты Тыйым салынған мінез-құлық жасалды деп мәлімделген тұлға да, осы мінез-құлықтың куәгері де Өтініш беруші бола алады;

2) **Шағым** – Университет қоғамдастығы мүшесінің (мүшелерінің) Тыйым салынған мінез-құлық (харассмент) және/немесе осы Саясатты бұзудың кез келген жағдайына қатысты Университет қоғамдастығының басқа мүшелеріне шағым беру үшін пайдаланылатын құжат – шағым нысанына сәйкес жасалған, Тыйым салынған мінез-құлықтың орын алу ықтималдығы туралы жазбаша/электрондық өтініші;

3) **Келісім** – бұл нақты іс-әрекеттер және/немесе сөздер арқылы білдірілген, интимдік сипаттағы әрекеттерді қоса алғанда, тараптар үшін қолайлы мінез-құлыққа немесе іс-әрекеттерге қатысуға саналы, ерікті түрде қабылданған шешім. Үнсіз қалу, әрекетсіздік немесе қарсылықтың болмауы келісім берген болып саналмайды. Келісім ақпараттандырылған келісім бере алатын және интимдік сипаттағы әрекеттерге қатысуға өз еркімен келісетінін білдіретін тұлғаның сөздерімен және/немесе айқын іс-әрекеттерімен білдірілуі тиіс. Егер тұлға әрекетке қабілетсіз күйде (Дәрменсіз күйде) болса, ол келісім беруге қабілетсіз деп танылады.

Келісімнің болуы жұмыскерлер мен білім алушылар арасындағы романтикалық, интимдік және/немесе сексуалдық қарым-қатынастарға жол берілетіндігін білдірмейді. Мұндай қарым-қатынастар өзара келісімнің болу-



болмауына қарамастан, жол берілмейтін қарым-қатынас ретінде қарастырылады;

4) **Тәртіптік комиссия** – Университет қоғамдастығының мүшелеріне қатысты фактілерді тергеп-тексеру материалдарын қарау, сондай-ақ ОПК СР-ға және/немесе Студенттердің мінез-құлық кодексіне және/немесе Еңбек кодексіне сәйкес тәртіптік шараларды қолдану бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін құрылған алқалы консультативтік-кеңесші орган;

5) **ОПК СР** – «Назарбаев Университеті» оқытушы-профессорлар құрамының саясаты мен рәсімдері;

6) **Дәрменсіз күй** – жәбірленуші өзінің физикалық немесе психикалық жағдайына байланысты бұзушыға қарсылық көрсету мүмкіндігінен айырылған күй (алкогольдік немесе есірткілік масаң болу, физикалық бұзылулар, психикалық ауытқулар не өзге де сырқаттану немесе ес-түссіз күй салдарынан);

7) **Тыйым салынған мінез-құлық (харассмент)** – осы Саясатта белгіленген харассменттің барлық нысандарын қамтитын жалпылауыш термин;

8) **Респондент (жауапкер)** – үстінен Шағым түсірілген Университет қоғамдастығының мүшесі (мүшелері);

9) **Студенттердің мінез-құлық кодексі** – Университетте білім алушылардың мінез-құлық реттейтін стандарттарды, ережелер мен тәртіптік рәсімдерді қамтитын ішкі нормативтік құжат;

10) **Университет қоғамдастығының мүшесі** – Университеттің білім алушылары мен жұмыскерлері, сондай-ақ Университеттің академиялық бағдарламаларына қатысушы тұлғалар, соның ішінде шақырылған зерттеушілер және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыс істейтін тұлғалар;

11) **Куәгер** – қаралып жатқан Шағым (іс) бойынша фактілерді анықтау үшін маңызы бар мән-жайларды жеке өзі көрген, естіген немесе өзгеше түрде тікелей қабылдаған тұлға немесе тұлғалар тобы.

2.2. Осы Саясатта қолданылатын басқа терминдер басқа да ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мағыналарға ие болады.

3-бөлім. Негізгі ережелер

3.1. Қағидаттар

3.1.1. Университет осы Саясаттың кез келген бұзылуына қатысты келесі қағидаттарды ұстанады.

3.1.2. **Адамгершілік қағидаты** – Тыйым салынған мінез-құлық (харассмент) жағдайларының алдын алу, анықтау және қарау кезінде Университет қоғамдастығының әрбір мүшесіне құрметпен қарау, оның ар-намысы мен қадір-қасиетін сақтау қамтамасыз етілетін, сондай-ақ қорлауға, қорқытуға, қудалауға, физикалық және/немесе моральдық зардап шектіруге жол берілмейтін және қауіпсіз әрі қолайлы орта құрылатын қағидат.

3.1.3. **Әділдік қағидаты** – Тыйым салынған мінез-құлық (харассмент) нысандары туралы Шағымдарды қарау кезінде әрбір тараптың тыңдалуға, өз ұстанымын, дәлелдемелері мен түсіндірмелерін ұсынуға құқығы бар.



Шешімдер алдын ала теріс пиғылсыз, негізсіз болжамдарсыз немесе стереотиптерсіз, істің барлық қолда бар фактілері мен мән-жайларын объективті бағалау негізінде қабылданады. Қарау рәсімдері өтініш берушінің құқықтарын қорғау мен үстінен Шағым түсірілген тұлғаның құқықтарын сақтау арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуі тиіс.

3.1.4. Бейтараптық қағидаты – барлық Шағымдар тәуелсіз және объективті түрде қаралады. Шағымды қарауға қатысушы тұлғалар адал әрекет етуге, мүдделер қақтығысына жол бермеуге және қабылданатын шешімдерге процесс қатысушыларының жеке қарым-қатынастарының, лауазымдық жағдайының, әлеуметтік мәртебесінің, жынысының, жасының, ұлтының, дінінің немесе өзге де сипаттамаларының әсер етуіне жол бермеуге міндетті.

3.1.5. Адамның қадір-қасиетін құрметтеу қағидаты – Университет әрбір адамның ажырамас қадір-қасиетін таниды және Шағымды қараудағы рөліне қарамастан процесске қатысушылардың барлығына құрметпен қарауды қамтамасыз етеді. Шағымды қарау барысында адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін қорлауға, стигматизацияға, айыптау риторикасына, дискриминацияға немесе өзге де қарым-қатынасқа жол берілмейді. Процесске қатысушылардың барлығы қауіпсіз әрі сыйластық жағдайында өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік алуы тиіс.

3.1.6. Құпиялылық қағидаты – Тыйым салынған мінез-құлық (харассмент) нысаны туралы Шағымға байланысты ақпарат қорғалуға тиіс және ол осы ақпарат істі тиісінше қарау, шешім қабылдау немесе заңнама талаптарын орындау үшін қажет болатын тұлғаларға ғана ашылады. Процесске қатысушылардың барлығы алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауға және оның рұқсатсыз таратылуына жол бермеуге міндетті.

3.1.7. Уақытылылық қағидаты – Университет Тыйым салынған мінез-құлық (харассмент) нысаны туралы Шағымдардың дер кезінде қаралуын қамтамасыз етеді.

3.1.8. Реталиациядан (қарымта әрекет / кек алу) қорғау қағидаты – Университет қоғамдастығының ешбір мүшесі Тыйым салынған мінез-құлықтың (харассменттің) ықтимал нысаны туралы Шағым түсіргені, оны қарауға қатысқаны, ақпарат бергені немесе тергеп-тексеруге жәрдемдескені үшін қудалауға, қысымға, қауіп-қатерге, қорқытуға, дискриминацияға немесе өзге де жағымсыз салдарға тап болмауы тиіс.

3.2. Тыйым салынған мінез-құлық (харассмент)

3.2.1. Харассмент – нақты бір тұлғаға/тұлғаларға бағытталған, психологиялық жайсыздық тудыратын, тұлғаның қадір-қасиетін бұзатын, жағымсыз әлеуметтік немесе кәсіби орта қалыптастыратын, мақсаты немесе салдары тұлғаның қадір-қасиетін қорлау не үрей туғызатын, дұшпандық, қорлайтын немесе тіл тигізетін орта құру болып табылатын вербалдық, вербалдық емес, физикалық немесе цифрлық сипаттағы біржолғы немесе жүйелі жағымсыз мінез-құлық.



3.2.2. Харассменттің барлық нысандарына тыйым салынады және олар Университетте жол берілмейтін әрекет болып табылады.

3.2.3. Харассмент келесі нысандарда көрініс табады:

1) **Буллинг** – бір тұлғаны немесе тұлғалар тобын қорлайтын, тіл тигізетін, қадір-қасиетін төмендететін, қорқытатын және/немесе оған қауіп төндіретін және/немесе әлеуметтік оқшаулауға және/немесе өсек-аяңның таралуына әкеп соғатын, басқа тұлғаны қорлауға, қорқытуға бағытталған жүйелі (екі және одан да көп рет) агрессивті мінез-құлық немесе қайталанатын психологиялық қысым;

2) **Кибербуллинг** – электрондық құрылғыларды пайдалану арқылы жасалатын буллинг нысаны;

3) **Қорқыту** – қорқытуды жүзеге асырушы тұлғаның жеке мүддесі үшін тұлғаны немесе тұлғалар тобын олар қаламайтын әрекеттерді, соның ішінде сексуалдық сипаттағы әрекеттерді, ауызша немесе сөзсіз әрекеттерді жасауға немесе әрекетсіздікке мәжбүрлеу мақсатында сескендіру, қауіп төндіру және/немесе бопсалау түрінде көрінетін іс-әрекет;

4) **Сталкинг (қудалау)** – қорқыныш, үрей немесе қауіпсіздігіне қатер төну сезімін тудыратын тұлғаның еркінен тыс оның соңына жүйелі және мазасыз түрде түсу. Сталкингке келесі белгілер тән:

іс-әрекеттердің қайталануы;

алыстан бақылау (аңду);

үнемі қоңырау шалу, хабарлама жазу немесе байланыс орнатуға өзге де әрекеттер жасау;

тұлғаны аңду;

жеке өміріне араласу;

байланыстың қалаусыз болуы;

қорқыныш пен қауіп-қатер сезімін қалыптастыру;

5) **Сексуалдық харассмент** – тұлғаның қадір-қасиетін бұзатын немесе қолайсыз оқу не жұмыс ортасын тудыратын сексуалдық сипаттағы қалаусыз мінез-құлықтың кез келген нысаны. Ол қалаусыз сексуалдық тиісуді, сексуалдық сипаттағы қызметтерді талап етуді, сексуалдық сипаттағы физикалық немесе визуалды мінез-құлықты, сексуалдық мазмұндағы мәлімдемелерді, сондай-ақ сексуалдық бейнелерді таратуды немесе көрсетуді қамтитын бірқатар мінез-құлық нысандарын қамтиды.

3.2.4. Осы Саясаттың талаптарын бұзғаны үшін Университеттің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік шаралары, соның ішінде оқудан шығару, еңбек шартын бұзу, сондай-ақ азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттарды бұзу шаралары қолданылуы мүмкін.

3.3. Шағымдар беру тәртібі

3.3.1. Университеттегі Тыйым салынған мінез-құлық (харассмент) жағдайларына шағымдарды беру және қарау тәртібі Студенттердің мінез-құлық кодексіне және/немесе ОПҚ СР-ға және/немесе Еңбек кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.



3.3.2. Тыйым салынған мінез-құлық (харассмент) жағдайлары осы Саясатқа Қосымшада көрсетілген байланыс тұлғаларына жолданады.

Білім алушыларға қатысты шағымдар Студенттердің мінез-құлық кодексінде белгіленген рәсімдерге сәйкес Студенттермен жұмыс жүргізу департаментіне (СЖД) беріледі.

ОПҚ-ға қатысты шағымдар тиісті мектептің Деканына беріледі. Дайындық мектебінің (ДМ) ОПҚ мүшелеріне қатысты шағымдар ОПҚ СР-да белгіленген рәсімдерге сәйкес Дайындық мектебінің Бас директорына беріледі.

Әкімшілік жұмыскерлерге қатысты шағымдар Еңбек кодексінде белгіленген рәсімдерге сәйкес Ұйымдастырушылық мәдениет, әртүрлілік және инклюзивтілік департаментіне (ҰМӘИД) беріледі.

3.3.3. Азаматтық-құқықтық шарттар негізінде жұмыстарды орындайтын немесе қызметтерді көрсететін адамдарға қатысты Шағымдар Тыйым салынған мінез-құлық (харассмент) белгілерінің бар-жоғына алдын ала қарау жүргізу үшін ҰМӘИД-ге жіберіледі. Тыйым салынған мінез-құлық (харассмент) белгілері анықталған жағдайда ҰМӘИД Респондентпен азаматтық-құқықтық шарт жасасқан тараптың уәкілетті өкіліне Респондентке қатысты тиісті шаралар қабылдау қажеттігі туралы хабарлама жібереді. Респондентпен азаматтық-құқықтық шарт жасасқан тараптың уәкілетті өкілі тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылданған шаралар туралы ҰМӘИД-ге хабарлауға міндетті.

3.3.4. Егер жеке тұлға Университетте бір мезгілде бірнеше мәртебеге ие болса (мысалы, бір уақытта әрі қызметкер, әрі білім алушы болса), Шағымдар мынадай басымдық тәртібімен қаралады:

1) Еңбек кодексі және/немесе ОПҚ СР, қолданылатын жағдайда;

2) Білім алушылардың мінез-құлық кодексі, 1) тармақша қолданылмайтын жағдайда; және

3) қолданылатын азаматтық-құқықтық (қызмет көрсету) шарты, (а) тармақшасы да, (б) тармақшасы да қолданылмайтын жағдайда.

3.3.5. Әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттерге байланысты жағдайларда Университет тұлғаларға тиісті мемлекеттік немесе құқық қорғау органдарына жүгінуге көмек көрсете алады.

3.4. Реталиация (қарымта әрекет / кек алу)

3.4.1. **Реталиация (кек алу/қарымта әрекет)** – Тыйым салынған мінез-құлыққа (харассментке) қатысты шағым түсіргені, қолдау көрсеткені немесе ақпарат бергені үшін тұлғаға немесе тұлғаларға қатысты жасалған кез келген жағымсыз әрекеттер.

3.4.2. Реталиация (қарымта әрекет / кек алу) осы Саясатты дербес бұзу ретінде қарастырылады.

3.4.3. Реталиацияға (қарымта әрекетке / кек алуға) ұшыраған тұлғалар белгіленген тәртіппен қаралатын бөлек шағым түсіруге құқылы.

3.5. Анти-харассмент комитеті



3.5.1. Анти-харассмент комитеті (бұдан әрі – Комитет) – Университетте қауіпсіз, ізгі ниетті, сыйластыққа негізделген және инклюзивті ортаны қалыптастыру үшін бастамалар ұсынатын және ұсыныстар әзірлейтін Университет Вице-президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган.

3.5.2. Комитет тәртіптік орган болып табылмайды және тәртіптік санкцияларды/шараларды қолданбайды.

3.5.3. Комитет мүшелері осы Саясат мәселелері бойынша ұсынымдық сипаттағы консультациялар беруге құқылы.

3.5.4. Комитеттің ережесі, құрамы және өкілеттіктері Университет Вице-Президентімен бекітіледі.

3.6. Қолдау шаралары

3.6.1. Университет консультация беруді, ақпараттандыруды және қолдауды қамтамасыз етеді. Қолдау шаралары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) Мүмкіндігінше және тиісті мамандар болған жағдайда Кампус аумағында психологиялық консультация беру, соның ішінде шұғыл консультация беру;

2) Кампус аумағында медициналық қызметтер көрсету (бар болса);

3) Кампустың жекелеген аумақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) Университет қоғамдастығы мүшелерінің өмірі мен денсаулығына қауіп төнген немесе қауіпсіздігіне, денсаулығына және әл-ауқатына елеулі зиян келтірілген жағдайларда тұлғаның/тұлғалардың Университеттің белгілі бір үй-жайларына, аумақтарына, нысандарына және іс-шараларына кіруін уақытша шектеу;

5) Студенттермен жұмыс жүргізу департаментіндегі академиялық емес қолдау қызметтері мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: кампус аумағында тұрғын орындармен қамтамасыз ету, соның ішінде білім алушыларды шұғыл тегін көшіру (бар болса); жатақханалардағы старосталардың қызметтері; SENU Mentorship бағдарламасы (тек білім алушылар үшін қолжетімді);

6) Академиялық демалыс беру (НУ білім алушыларына академиялық демалыс беру, мәжбүрлі және ерікті түрде оқудан шығару қағидалары мен рәсімдеріне сәйкес);

7) Университеттің Анти-харассмент комитеті мүшелерінің консультациясы.

3.7. Басқа да ережелер (оқыту және алдын алу)

3.7.1. Жаңа білім алушыларды, соның ішінде шақырылған білім алушыларды оқуға қабылдау кезінде, сондай-ақ жаңа жұмыскерлерді сонымен қатар азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыс істейтін тұлғаларды жұмысқа қабылдау кезінде ұсынылатын барлық материалдарда осы Саясаттың баспа және/немесе электронды көшірмесі болуы тиіс.



3.7.2. Университет осы құжатты өзінің ресми сайтында орналастырады және оның мазмұнын Университет қоғамдастығының әрбір мүшесінің назарына жеткізеді.

4-бөлім. Босату

4.1. Қолданылмайды.

5-бөлім. Уақытша ережелер

5.1. Қолданылмайды.

6-бөлім. Қайта қарау

6.1. Осы Саясат бекітілгеннен кейін 3 (үш) жыл ішінде қайта қаралуға жатады және қажет болған жағдайда оған өзгерістер енгізілуі тиіс.

7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар

7.1. «Назарбаев Университеті» оқытушы-профессорлар құрамының саясаты мен рәсімдері.

7.2. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Студенттердің мінезқұлық кодексі мен тәртіптік рәсімдері.



«Назарбаев Университеті»
дербес білім беру ұйымының
Анти-харассмент саясатына
Қосымша

Өтініш беруші жүгінетін байланыстар

Шағымдану тәртібі Респондент (жауапкердің) санатына байланысты. 102 жесісі және Университеттің Анти-харассмент Комитеті консультациясын алу қолжетімді.



Университет қоғамдастығының мүшелеріне арналған қосымша ресурстар**Анти-харассмент комитеті (жұмыс уақытында)**

Электрондық пошта: anti-harassmentcommittee@nu.edu.kz, ahc@nu.edu.kz

Психологиялық консультация беру (жұмыс уақытында)

Электрондық пошта: nu_counseling@nu.edu.kz, pcs@nu.edu.kz

Кезекші кеңесші Telegram [@pcs_nu](https://t.me/pcs_nu) арқылы қолжетімді.

Денсаулық сақтау және әл-ауқат департаменті (жұмыс тәртібіне сәйкес)

Электрондық пошта: hwd@nu.edu.kz

Қазақстандағы шұғыл жедел желі - 111.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық пен буллинг құрбандарына арналған бірыңғай ұлттық байланыс орталығы. Қазақстанның барлық өңірлері үшін тәулік бойы (24/7), тегін және анонимді жұмыс істейді

